

принять административный акт об изъятии, который немедленно обжалуется собственником в суд). Преимущество этого решения состоит в том, что таким путем соблюдается принцип частной автономии и сторонам дается возможность в порядке консенсуса найти общее решение.

1 Хаджиев А.Х. Основные принципы правового регулирования земельных отношений в РК в условиях рыночного оборота земель /Вещные и обязательственные права в законодательстве Республики Казахстан. Материалы Международной научно-практической конференции / Отв.ред. М.К Сулейменов.- Алматы: КазГЮА.- 2000.- 212 с.

2 Касимов Т.С. Соблюдение баланса интересов общества и частных землевладельцев в праве США: Автореф. дисс. канд. юрид. наук. – Уфа, 1999. 24 с.

3 Абдраимов Б.Ж. Процессуальные особенности разрешения земельных споров. – Алматы: Издательство LEM, 2003. 96 с.

This article discusses the principles of the withdrawal of lands in Kazakhstan.

В данной статье рассматриваются принципы изъятия земель в Республике Казахстан.

А.Т. Озенбаева

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТА АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ КЕЙБІР ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі тек елімізде ғана емес дүниежүзілік мәселе болып отыр. Жалпы әлемдік көкейкесті мәселелерінің бірі ол азық-түлік тапшылығы болып тұр. Азық-түлік тапшылығы Африка елдері мен Азияның кейбір елдерінде белең алып отыр. Бұл мәселені шешу мақсатында БҰҰ-ның азық-түлік тапшылығының алдын алу туралы самиттерін өткізді. Осыған сәйкес БҰҰ-ның азық-түлік бағдарламасы бойынша ашаршылыққа ұшырап отырған елдерге көмек көрсетуде. Осы өзекті мәселе бойынша дамыған АҚШ және Еуроппа елдері ауыл шаруашылығы саласына мемлекет тарапынан қамқорлық көрсетіп, ірі фермерлеріне бәсекеге қабілетті өнімдерді өндіруге мүмкіндік беріп жатыр.

Біздің көршілес жатқан мемлекеттерде басты өзекті мәселесі болып отырғаны бізге мәлім. Өйткені Ресей мемлекеті азық-түлік қауіпсіздікті шешудің бір жолы ол астықтың көлемін ұлғайту болып отыр. Азық-түлік қауіпсіздігінің алдын алудың негізгі жолы ол ауыл шаруашылығы кешенін дамыту, әсіресе жеке шаруашылық қожалығын қолдау, сонымен қатар ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру болып табылады. Оның дамытыны дамиды-ау, дегенмен БҰҰ-ның мәліметтері соңғы жылдарда егістікке жарамды жерлер азайып жатқанын атап кетті. Ал халық саны дүние жүзінде жылдан-жылға өсіп, сонымен қатар азық-түлік бағасы да артып келе жатыр. БҰҰ бұл мәселені азық-түлік дағдарысын шешудің жолын таба алмай жатыр. Бірақ азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағдарламаларын жасап, соған сәйкес барша елдерді 2030 жылға дейін азық-түлік өнімдерін өндіруде кемінде 50%-ке ұлғайтуға, бай елдер кедей елдерге қарасып, экспорт-импорт салықтарын азайтуға және ауыл шаруашылығын барынша қолдау көрсетуді көздеп отыр. Қазір кез технология мен техниканың дамуы қарқынды болып жатыр. Технологияның дамуына байланысты азық-түлік өндіруде жаңа технологиялар пайда болуда. Осыған орай азық-түлікті әртүрлі биологиялық және химиялық жолдармен алынып, өндіріп отыр. Ондай өнімдер адамның ағзасына және денсаулығына үлкен қауіп төндіреді. Негізінде азық-түлік қауіпсіздігі дегеніміз адамның ағзасына қауіп төндірмейтін тағамдар өндіру болып табылады.

Ал, Қазақстан Республикасындағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге келетін болсақ, бұл елімізде де өзекті мәселенің бірі болып тұр. Осы мәселе бойынша елімізде бірнеше заңдар мен бағдарламалар қабылданып, олар жүзеге асып жатыр. Мәселен, Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына көрсетілген 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасының негізгі мақсаты агроөнеркәсіптік кешенінің тиімді жүйесін қалыптастыру және бәсекеге қабілетті өнім өндіру негізінде Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Бағдарламаның мақсатына жету үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді: елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету; аграрлық бизнестің тиімді жүйесін қалыптастыру; ауыл шаруашылығы өнімін және оның қайта өңдеу өнімдерін ішкі және сыртқы рыноктарда сату көлемін ұлғайту; ауыл шаруашылығы өндірісін мемлекеттік қолдау шараларын ұтымды ету [1].

«Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006 - 2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес салаларының өнімділігі мен табыстылығын арттыру және отандық өнімдердің ұлттық бәсекелестік артықшылықтарын дамыту негізінде АӨК-інің тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылды [2].

Елімізде бәсекеге қабілеттілікті арттыру, сонымен қатар экспорт пен импортты арттыру іс-шаралары жүргізіліп жатыр. Яғни, Қазақстан Республикасында бәсекеге қабілеттілікті арттыра отырып, экспорттың деңгейін сапалы деңгейге жеткізудің 2008-2015 жылғы тұжырымдамасын атап өтуге болады. Бұл қазіргі заманның ерекшелігімен байланысты және әлемде экономиканың бәсекеге қабілеттілігі деңгейінің «көрнекі бетпердесі» ретінде көрсетілетін жаңа халықаралық экономикалық нақтылықты жасаумен сипатталады. Оның үстіне елдің бәсекеге қабілеттілігі кез келген елдің дамуы үшін қағидатты мәселе, өйткені бұл халықтың өмір сүру сапасы мен әл-ауқаты деңгейінің бірден-бір объективті өлшемі болып табылады. Тұтастай алғанда, Тұжырымдама үдемелі экспорттық саясат, тұрақты дамуға, білімге негізделген экономикаға кезең-кезеңмен көшу, сондай-ақ елдің озық дамуына кедергі болатын бар және келешектегі қауіптерді болдырмау, бейтараптандыру не жою есебінен Қазақстанның өз нарықтық кеңістігін ұлғайту көмегімен ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігі мен экспорттық мүмкіндіктерін сапалы жаңа деңгейіне қол жеткізуге бағытталған [3]. Жалпы елімізде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, халықтың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын дамыту бірден - бір объективті өлшем болып отыр.

Қазақстан ұлан - байтақ жерде орналасқан. Сол себепті ауыл шаруашылығын дамытуға зор мүмкіншілігі бар. Соның ішінде егін шаруашылығы, мал шаруашылығын дамытуға қолдау көрсету қажет. Шыққан сапалы өнімдерді шетелге экспортқа шығарған жөн. Бірақ егін, мал өнімдерін, азық-түлікті өңдеп шетелден сатып алғаннан гөрі, өзімізде өңдеп керісінше шетелге шығарған бізге қолайлы болатын еді. Астық өнімдерін бірнеше жылдан бері экспортқа шығаруда. Ал мал өнімдерін шығаруда көптеген кемшіліктер болып жатыр.

Ветеринария жүйесін, ветеринариялық ұйымдардың қызметін мемлекеттік басқару мен реттеуді қайта қарау, сондай-ақ тамақ өнімдерінің, ветеринариялық препараттар мен дәрілік заттардың ветеринариялық-санитариялық қолайлылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша кемшіліктерді жою арқылы Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізе отырып, ветеринария саласындағы заңнамасын жетілдіру қажет. Бұдан басқа Қазақстанның алдағы уақытта ДСҰ-ға кіруі жануарлардың саулығы мен өндірілетін тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында нақты құқықтық нормаларды енгізуді талап етеді. Шаруашылық жүргізуші субъектілерді жануарлардың созылмалы ауруларынан сауықтыруға және тұтастай алғанда Қазақстан Республикасында жануарлардың жұқпалы аурулары бойынша эпизоотикалық жағдайды жақсартуға әрі ветеринариялық-санитариялық тұрғыдан қауіпсіз тамақ өнімдерін өндіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ұсынылған түзетулерге сәйкес заң жобасына бірқатар толықтыру, атап айтқанда, жергілікті атқарушы органдардың ветеринария мәселелері жөніндегі бөлімшелерін және мемлекеттік ветеринарлық ұйымдардың бөлімшелерін ауылды аумақтарда құру туралы толықтыру енгізілуі керек.

Біздің шығарған өніміміз шетел мемлекеттеріне экспорттаған жағдайда алушы мемлекет қатаң тексеріп, сапасы бақыланып алынады. Сол себепті бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажеттігі туындап отыр. Бірақ еліміздегі азық-түліктің сапасы әлі де бәсекеге қабілетті емес екендігі бәрімізге мәлім. Шетел азықтары Республикамыздың сұранысы бойынша өте жоғары. Оның ішкі құрамынан гөрі әрленгендігі мен дәміне қарай өтімді болып келеді. Ал біздің өндірген өнімдер заман талабына сай емес, техникалық өнімділігі өнімнің сапасының төмендігін айтуға болады. Ауыл шаруашылығынан өндірілген өнімдердің дұрыс жеткізілуі сұранысты төмендетіп, керісінше шетелдердің өнімдерін алған тиімдірек болып отыр. Бұл ішкі нарық бағасының көтерілуіне алып келеді.

Әлеуметке маңызы бар бидай, күріш, ет, сары май, сүт, тағы басқа өнімдері ішкі азық-түлік қазірше тұрақтанып тұр. Бірақ экспортқа шығару жағынан әлі де шетел азығынан асып түсе алмай жатыр. Елімізде майлы дақылдар, қант қызылшасы, бақша өнімдерін қайта өңдеу сұранысын қанағаттандыра алмайды. Әсіресе жеміс-жидек бақша өнімдер халықты толығымен қанағаттандыра алмай, шет мемлекеттерінен алуға тура келіп отыр. Жалпы халықаралық ынтымақтастықта біздің еліміздің халықаралық стандартқа сай азық-түлік өндіру негізгі мақсат болып отыр. Агроөнеркәсіптік кешен ИСО және ХАСПП халықаралық халық стандарттарын өндіріске енгізу, енгізу және сертификаттау жөніндегі қызметтерінің құнын 50%ке дейін субсидиялау жөніндегі мемлекет тарапынан қолдау бағдарламасының одан әрі жүзеге асырылып жатыр. Кәсіпорындарды тамақ

өнімдері өніруде техникалық және технологиялардың артта қалушылығының алдын алып, жаңаландыру қажет [3].

Қазақстан Республикасы халықаралық ынтымақтастық деңгейінде Ресей мен Беларусь, Қазақстанда аграрлық секторда үлкен орын алып отыр. Өйткені азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде үш елдің ғылыми мектептерінің басында әлемдік атағы бар мамандар тұр, сондай-ақ кеден одағының тағы бір пайдасы – ғылыми кадрларды дайындауға, оларды тәжірибе алмастыруға жіберіп тұруға жол ашылады. Ресейдің ауыл шаруашылығы ғылымы бүгін де әлемдік деңгейде өз орнын ойып тұрып алғаны белгілі. Сондықтан үш елдің ғылыми қуатын интеграциялау әсіресе біздің мемлекетіміз үшін көбірек пайдалы болады. Жақын қарым-қатынас негізінде Қазақстанда көкөністің көптеген түрлері бойынша бағалы сорттар мен гибридтер пайда болатынына сенімдімін. Отандық өңделген азық-түлікті Еуропа рыногына шығару үшін Ресейдің көлік инфрақұрылымын жеңілдіктермен пайдалануға қол жеткізуге болады. Тиімді түрде тасмалдауды жүзеге асыра алатын болсақ, қазақстандық өнімнің әлемдік рынокта баға жағынан бәсекеге қабілеттілігі де арта түспек. Сонымен қатар, біздің тауарлар Кеден одағына мүше өзге екі елдің рыногына шығуы үшін қойылатын ветеринарлық және техникалық талаптар солармен бір деңгейде екендігі де біз үшін тиімді. Ал тиімсіз жағына келетін болсақ, ол кеден одағына мүше болу арқылы біз сол үлкен асулар алдындағы бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету, әлеуетті өсіру секілді маңызды мәселелерді меңгеріп алуымыз керек. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі бойынша агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, ауыл шаруашылығында суды тиімді пайдаланудың артуымен қатар, өсімдік шаруашылығының жаһандық жылынуының ықтимал салдарларына бейімделу шаралары іске асырылады [5].

Ауылдық жерлерде ел халқының шамамен 50 %-ті тұратындығын ескере отырып аграрлық саланы дамыту ауылда тұратын халықтың өмір сапасын арттырудың шешуші факторы болып табылады. Осыған байланысты ауылдың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамыту, оңтайлы ауылдық орналастыруды модельдеу жұмысы жалғасады.

Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері атты ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2010 Жолдауында бірінші, елдің азық-түлік қауіпсіздігі қамтамасыз етілуге тиіс. Ол үшін ауыл шаруашылығына және тамақ өнеркәсібіне инвестициялар тартуды ұлғайту қажет. Қазақстан азық-түліктің негізгі түрлері бойынша өз қажеттілігін қамтамасыз етеді әрі экспорттық әлеуетке ие. Ел мұқтажы қанағаттандырылмай отырған маңызды тамақ өнімдерін өндіруді ынталандыруға ерекше назар аудару талап етіледі. Мәселен, өсімдік майы, жемістер, қант және басқалар. Біздің бұл проблемаларды шешуге мүмкіндігіміз бар. Екінші. Ауыл шаруашылығының өнімдерді экспортқа шығаратын секторларын күшейтуге күш-жігерді шоғырландырудың маңызы зор. Атап айтқанда, Каспий және Қара теңіздердің порттары арқылы өтетін және Қытай бағытындағы экспорттық арналарды кеңейту қажет. Үшінші. Мал шаруашылығы саласы да үлкен экспорттық әлеуетке ие. Қосымша шара ретінде ветеринария жүйесін халықаралық стандарттарға көшіру қажет [6]. Қорыта келгенде, ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында халықаралық ынтымақтастықта азық-түлік қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі кейбір құқықтық мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді дамыту қажет. Осы заңнамаларды дамыта отырып, біріншіден мал өнімдерінде көмтеген аурулар болып жатыр. Сол ауру адам ағзасына да әсерін тигізеді.

Сондықтан «Ветеринария туралы» заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізе отырып, ветеринария саласындағы заңнамасын жетілдіру қажет. Оның ішінде шетелге экспортқа шығуға да әсері бар, сол себепті ішкі тексеру мен бақылауға мамандар тартып, жарамсыз мал еттерін таратуға шек қою керек. Екінші мәселе, мал өнімдерін экспортқа шығаруда көптеген келеңсіз жағдайлар туындайды. Малдың өлуі, шикідей шығарғанда бүліну қаупі туындайды. Қазақстан Республикасында бәсекеге қабілеттілікті арттыра отырып, экспорттың деңгейін сапалы деңгейге жеткізудің 2008-2015 жылғы тұжырымдамасының орындалуын, осыған сәйкес мемлекет тұрғысынан қолдау көрсету қажет. Үшіншіден, шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатындарды Үкімет тарапынан қолдап, жеңілдікпен несие беру жағын қарастыру қажет. Тауарға зиян келтірмей ауылдан ауылға, облыстан орталыққа жеткізуге, портқа шығаруды дұрыс ұйымдастырылуын қамтамасыз ету қажет. Агроөнеркәсіптік кешен халықаралық халық стандарттарын өндіріске енгізу, енгізу және сертификаттау жөніндегі қызметтерінің құнын өсіруді субсидиялау жөніндегі мемлекет тарапынан қолдау бағдарламасының одан әрі дамыту қажет. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы бағдарламаларды одан әрі жетілдіріп, оның орындалуын мемлекет тарапынан бақылау қажет.

1. Қазақстан Республикасы Президенті. 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы туралы: 5 маусым 2002 жылы № 889 Жарлық (ҚР Президентінің 31.03.03 ж. № 1051 Жарлығымен енгізілген өзгерістерімен) // Параграф ақпараттық құқықтық жүйесі/2010 ж.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметі. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын бекіту туралы: 2006 жылғы 6 наурыздағы № 149 Қаулысы 2007.05.10. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен // Параграф ақпараттық құқықтық жүйесі/2010 ж.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметі. Қазақстан Республикасы экономикасының бәсекеге қабілеттілігі мен экспорттық мүмкіндіктерін сапалы жаңа деңгейге жеткізудің 2008-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы: 28 желтоқсан 2007 жыл № 1332 Қаулысы // Параграф ақпараттық құқықтық жүйесі/2010 ж.

4. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары// Параграф ақпараттық құқықтық жүйесі/2010 ж

5. Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері атты ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2010 Жолдауы// Параграф ақпараттық құқықтық жүйесі/2010 ж.

6. ***

В данной статье исследованы проблемы обеспечения продовольственной безопасности Республики Казахстан в контексте международного сотрудничества.

This article includes the food security problems of Kazakhstan in the context of international cooperation.

С.Н. Даулетова

АНАЛИЗ НОРМАТИВНОЙ БАЗЫ ПО ВОПРОСАМ УКРУПНЕНИЯ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ ТОВАРОПРОИЗВОДИТЕЛЕЙ

Написание данной статьи явилось результатом изучения текущего состояния общественных отношений в сфере правового регулирования деятельности крестьянских (фермерских) хозяйств.

В процессе изучения выявились некоторые аспекты ранее озвученной в программах Правительства РК проблемы укрупнения сельскохозяйственных товаропроизводителей, к которым, наряду с такими организационно-правовыми формами, как товарищество, акционерное общество и сельский потребительский кооператив, относятся и крехъстьянские (фермерские) хозяйства.

«... в АПК страны до сих пор имеется ряд недостатков – низкие темпы структурно-технологической модернизации отрасли, неудовлетворительный уровень развития рыночной инфраструктуры, мелкотоварность сельскохозяйственного производства, финансовая неустойчивость отрасли, недостаточный приток частных инвестиций на развитие отрасли, дефицит квалифицированных кадров и т.д.» (7 абзац Введения Программы по развитию агропромышленного комплекса в Республике Казахстан на 2010 – 2014 годы, Утвержденной постановлением Правительства Республики Казахстан от 12 октября 2010 года, № 1052.

«... сельскохозяйственное производство в стране остается мелкотоварным, и это является одной из основных причин его слабой конкурентоспособности.» (из доклада Министра сельского хозяйства РК Ахылбека Куришбаева на совещании 30 июля 2009 года в «Үкімет үйі» под руководством Премьер-министра Карима Масимова).

Для выявления сути проблемы было решено провести анализ законодательных актов на предмет их препятствования или стимулирования объединению мелкотоварных сельскохозяйственных производителей. Законодательством РК предусмотрены такие формы объединения сельхозпроизводителей, как «сельскохозяйственное товарищество» и «сельский потребительский кооператив» (Закон РК «О сельскохозяйственных товариществах и их ассоциациях (союзах)» от 25 декабря 2000 года № 133-ІІ и Закон РК «О сельской потребительской кооперации в Республике Казахстан» от 21 июля 1999 года № 450-І). Анализу этих законов и посвящена данная статья.

Начнем с целей создания сельскохозяйственных товариществ (далее СХТ) и сельского потребительского кооператива (далее СПК).

Цели.

Статьей 4 Закона РК «О сельской потребительской кооперации в Республике Казахстан» от 21 июля 1999 года № 450-І определено:

«Сельским потребительским кооперативом признается добровольное объединение граждан на основе членства для удовлетворения материальных и иных потребностей членов (пайщиков), осуществляемое путем объединения его членами имущественных (паевых) взносов.»

«3. Сельские потребительские кооперативы создаются за счет имущественных (паевых) взносов для осуществления торговой, заготовительной, сбытовой, перерабатывающей, обслуживающей, снабженческой и иной деятельности, не запрещенной законодательством.»